

Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі 1994 жылғы 11 наурыздағы N 19 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 11 қазанда тіркелді. Тіркеу N 19. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпанды N 124 қаулысымен.

"Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы қаңтардың 22-сіндегі N 1915-XII қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы желтоқсанның 17-сіндегі N 1270 Р931270_ (5-тармак) қаулысын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі қаулы етеді:

1. Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармасы туралы тіркеліп отырған ереже бекітілсін .

2. Еңбекті қорғау департаменті (Ю.А.Романов жолдас) Ережені еңбекті қорғаудың аймақтық басқармаларына жеткізетін болсын.

Министр

Қазақстан Республикасы
Еңбек министрлігінің
1994 жылғы 11 наурыздағы
N 19 қаулысымен
Бекітілген

Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармасы туралы **ҮЛГІ ЕРЕЖЕ I-бөлім. Жалпы ережелер**

1.1. Еңбекті қорғаудың аймақтық (облыстық, қалалық) басқармасы (бұдан былай еңбекті қорғау басқармасы) жергілікті жерлерде еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі территориялық басқару органы болып табылады және Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Еңбекті қорғау департаментінің тікелей бағынышты.

1.2. Еңбекті қорғау басқармасы өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Еңбекті қорғау туралы" Заңды, республиканың басқа заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары

мен өкімдерін, Үкімет қаулыларын, Еңбек министрлігінің, Еңбекті қорғау департаментінің бүйрықтарын және осы Ережені басшылыққа алады.

1.3. Еңбекті қорғау басқармасының міндетті құрылымдық бөлімшелері мыналар болып саналады: еңбек жағдайларын мемлекеттік сараптау, Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекциясы, сондай-ақ нормативтік-құқықтық, және ақпараттық жұмыстарды қамтамасыз ететін бөлімшелер.

1.4. Еңбек жағдайларын мемлекеттік сараптау және Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекциясы олар жөніндегі ережелерге сәйкес әрекет жасайды. Басқа құрылымдар туралы ережені еңбекті қорғау басқармасының бастығы бекітеді.

2-бөлім. Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармасының негізгі міндеттері

2.1. Басқарманың негізгі міндеттері мыналар болып саналады:

"Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру;

Еңбек жағдайларын сараптау және жұмыс орындарын аттестациядан өткізу дің сапасын бакылау;

қатынаста болуға тыйым салынған, шектелген және оларды қолдануға арнайы рұқсат берілген өндірістік процестерді, заттарды және реагенттерді анықтау;

өндірістегі қауіпті жағдайларды анықтау және оларды жоюодың жолдарын қарастыру;

еңбекті қорғау зандарын және ережелерін бұзған жағдайларда санкциялар қолдану;

өндірістегі жазатайым жағдайлар мен кәсіби аурулар жөнінде тергеу жүргізу;

еңбекті қорғау қызметкерлерінің мамандығын арттыру; аймақ деңгейінде еңбекті қорғау жөнінде ақпараттық жүйе құру.

3-бөлім. Еңбекті қорғау басқармасының қызметі

3.1. Еңбекті қорғау басқармасы оған жүктелген міндеттерге сәйкес:

еңбекті қорғауды кешенді басқаруды жүзеге асырады;

мұдделі ұйымдармен және кәсіпорындармен бірлесе отырып, еңбекті қорғау жөніндегі аймақтық бағдарламаларды талдап жасауды ұйымдастыруды және олардың орындалуын бақылайды;

қауіпсіз және зиянсыз еңбек жағдайларын қалыптастыру және қамтамасыз ету саласында басқарманың, кәсіпорындардың, бірлестіктердің жергілікті органдарының қызметін үйлестіреді;

еңбекті қорғау жөніндегі ғылыми зерттеулерді ұйымдастырады және үйлестіреді;

аймақ бойынша өндірістегі жазатайым жағдайлар мен кәсіби ауруларды

есепке алудың және тергеудің бірыңғай тәртібін қамтамасыз етеді;
еңбекті қорғау жөнінде бірыңғай аймақтық ақпарат жүйесінің қызметін
қ а м т а м а с ы з **е т е д і ;**

аймақта еңбекті қорғау ахуалы туралы, өндірістегі зақымдану мен кәсіби аурулардың себептері туралы Еңбекті қорғау департаментіне жыл сайын баяндама даярлайды және халықты жүйелі түрде хабарлап отыруды қамтамасыз етеді ;

Қазақстан Республикасының Мемкентехқадағалаудың жергілікті органдарымен және басқа да тиісті органдармен бірлесе отырып, ведомстволардың, бірлестіктердің, кәсіпорындардың және меншіктің әр түрлідегі шаруашылық жүргізуі субъектілердің, соның ішінде жекелеген жұмыс берушілердің "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және еңбекті қорғау жөніндегі басқа да нормативтік актілерін орындаудың қадағалауды және бақылауды қамтамасыз етеді;

"Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолдану практикасын қорытындылайды және талдау жасайды, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар даярлап, енгізеді;

жұмыс істеушілердің жеке басын қорғайтын құралдар, еңбек жағдайларын бақылайтын аспаптар мен аппараттар жасайтын кәсіпорындар құру және дамыту жөнінде үсінystар даярлайды;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқармасының аймақтық органдарымен бірлесе отырып, өнеркәсіп кәсіпорындары өнімдерінің еңбекті қорғау талаптарына сәйкестілігін сертификаттау жөніндегі жұмыстарды үйімдастырады;

еңбек жағдайлары қолайсыз жұмыстармен шұғылданатын қызметкерлердің еңбек жағдайларына сараптау жүргізеді, оларға белгіленген жеңілдіктер мен өтемақылардың берілуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

еңбек процесінде адамның денсаулығына жұмысқа қабілеттілігін сақтауды қамтамасыз ететін гигиеналық және емдеу-сақтандыру шараларын жүзеге асыруға мемлекеттік бақылау жүргізеді;

қолданылып жүрген заңда белгіленген мерзімде азаматтардың ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын қарайды және қажетті шаралар қабылдайты; енбекті қорғауды насиҳаттауды ұйымдастырады.

4-бөлім. Еңбекті қорғау басқармасының құқықтары

4.1. Еңбекті қорғау басқармаларының алдында тұрған міндеттерді шешу және жүктелген жұмыстарды орындау үшін оларға мынадай құқықтар беріледі:
қызметкерлердің еңбегін қорғау мәселелері жөнінде кәсіпорындардың,

бірлестіктердің, мекемелер мен ұйымдардың, және меншік түрлеріне қарамастан басқа да шаруашылық жүргізуі субъектілердің жұмыстарын тексеруге, тексеру кезінде анықталған кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтарды жою жөнінде міндепті түрде орындалуға тиісті нұсқаулар беруге; тәртіп бұзуға жол берген кінәлі адамдарға заң бойынша белгіленген шаралар қолдануға;

кәсіпорындар мен мекемелердің бірінші басшыларын және еңбекті қорғау қызметінің басшыларын аттестациядан өткізуге;

аттестациядан өткізудің тәртібі мен бағдарламасын, Еңбекті қорғау департаменті талдаң жасайды және бекітеді;

белгіленген мерзімде статистикалық, қадағалау және бақылау органдарынан, кәсіпорындар мен ұйымдардан қорытындылап, талдау жасау үшін еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының ахуалы, еңбек жағдайлары туралы, өндірістегі зақымданулар мен кәсіби аурулар туралы қажетті ақпарат алуға;

кәсіпорындарда еңбекті қорғау жөніндегі құжаттар егер заңға қайшы келетін болса, олардың күшін тоқтатуға, қажетті жағдайларда оларды жою туралы Республиканың Еңбекті қорғау департаментіне ұсыныстар енгізуге;

еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік-құқықтық, нормативтік-әдістемелік және нормативтік-техникалық құжаттардың, еңбекті қорғау қызметі туралы ережелердің жобаларын, еңбекті қорғау және оның қауіпсіздігіне қатысты құрылыш нормалары мен ережелері бөлімдерін, еңбек жағдайларын қалыптастыруға, адамның денсаулығы мен өміріне қауіпті және зиянды өндірістік факторлардан қызметкерлерді қорғауға байланысты стандарттарды, оку-тематикалық жоспарлар мен басқа да құжаттарды қарауға, олар жөнінде

кеleisuge;

еңбекті қорғаудың жекелеген мәселелерін қарау және талдаң жасау, үшін, сондай-ақ консультациялар мен сараптан өткізу үшін ғылыми-зерттеу, жобалау институттары мен кәсіпорындардың мамандарын қатыстыруға;

еңбек жағдайларына талдау жасау және бағалау жұмыстарын жүргізуге право алу үшін кәсіпорындарды, ұйымдар мен жекелеген адамдарды аттестациядан өткізуге және сертификаттар мен лицензиялар беруге;

объектілерді пайдалануға беруге қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссиялардың жұмысына қатысуға;

еңбекті қорғау жөніндегі мамандардың жоғары және орта арнаулы оку орындарын бітірген кезінде мемлекеттік емтихан комиссияларының жұмысына қатысуға;

еңбекті қорғау және оның жағдайлары, сондай-ақ еңбектің қауіпсіздігі мен зиянсыздығының дәлелдері жөніндегі нормативтік және заңдық негіздері, ережелердің, нормаларды, стандарттар мен басқа да құжаттарды жетілдіру жөнінде Департаментке ұсыныстар енгізуге.

5-бөлім. Еңбекті қорғау басқармасының жұмысын үйімдастыру

5.1. Басқармаға жергілікті әкіммен және Қазақстан Республикасының Еңбек министрімен келісе отырып, Еңбекті қорғау департаментінің төрағасы тағайындастын бастық жетекшілік етеді. Бастықтың екі орынбасары болады, оларды жергілікті әкімнің келісімі мен оның өзінің ұсынуы бойынша Департамент төрағасы тағайындалады.

5 . 2 . Б а с қ а р м а б а с т ы ғ ы :

басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жеке басымен жауап береді, орынбасарлар, құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді бөледі;

еңбекті қорғау басқармасы аппаратының штат кестесі жөнінде Еңбекті қорғау департаментінің бекітуіне ұсыныстар енгізеді;

басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді; басқарма аппараты қызметкерлерін (бастықтың орынбасарларынан басқасын) жұмысқа тағайындауды және жұмыстан босатады;

өзінің құзыры шегінде бөлімшелердің орындауына міндетті болып саналатын бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді.

5.3. Еңбекті қорғау басқармасы жанынан Басқарма кеңесі құрылады, оның құрамында басқарма бастығы (кеңестің төрағасы), лауазымы бойынша орынбасарлар, бөлімшелер басшылары мен кәсіпорындар өкілдері, еңбекті қорғау саласындағы мамандар болады.

Кеңес мүшелерін, оның құрамына лауазымдары бойынша кіретін адамдардан басқасын, Еңбекті қорғау департаменті бекітеді.

Кеңес кеңесші орган болып саналады, оның шешімдері хаттамалармен, және қажет болған жағдайларда, басқарманың бұйрықтарымен түзіледі.

Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармасының кеңесі туралы үлгі ережені Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің Еңбекті қорғау департаменті бекітеді.

5.4. Басқарма еңбекті қорғау жүйесі қызметкерлерінің мамандығын арттыруды қамтамасыз етеді.

5.5. Еңбекті қорғау басқармасы өзінің жұмысында өкіметтің өкілетті және атқарушы органдарымен, Қазақстан Республикасының Мемкентехқадағалау органдарымен, жергілікті жерлердегі санитарлық қадағалау және басқа да қадағалау органдарымен өзара бірлесіп әрекет жасайды.

5.6. Еңбекті қорғау басқармасы дербес занды тұлға болып саналады, банкте өзінің есеп шоты, өзінің қазақ және орыс тілдерінде аты жазылған, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы салынған мөрі бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК